

## Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жеке меншікке беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 сәуірде № 20553 болып тіркелді

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 278-бабының 24-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жеке меншікке беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму  
Министрінің міндетін атқарушы

А. Ержанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
Министрінің міндетін атқарушы  
2020 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 254 бұйрығымен  
бекітілген

# Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жеке меншікке беру қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жеке меншікке беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 278-бабының 24-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жеке меншікке беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар Кодекстің қолданысқа енгізілген күні техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрында (жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастры) мәліметтері (жазбалары) қамтылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру тәртібін реттейді.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы өтініш – 2018 жылғы 29 маусымнан бастап 2020 жылғы 29 маусымға дейінгі кезеңде осы Қағидаларға сәйкес өтініш беруші беретін (берген) мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру (сатып алу) туралы өтініш;

2) кәсіпорындардың жер учаскелері – жер учаскелері шегінде орналасқан тиісті ғимараттар, жабдықтар, құрал-саймандар, шикізат, өнімдер, техногендік минералдық түзілімдер, барлығы бірге кіретін бірыңғай мүліктік кешен, тау-кен, энергетикалық, тау-кен өңдеуші, оның ішінде металлургиялық кәсіпорына тиесілі Кодекстің қолданысқа енгізілген күні және беру туралы өтініш күні бір заңды тұлғаға (өтініш берушіге) тиесілі жер учаскелер;

3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт – Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және беру туралы өтініш берілген күні қолданыстағы пайдалы қатты қазбалардың түрін өндіруге арналған келісімшарт не бірлескен барлау мен өндіруге(өндіру кезеңінде) арналған келісімшарт;

4) келісімшарттық аумақ – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша тау-кендік бөлумен айқындалған аумақ;

5) техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектілері – үйінділер, қалдық қоймасы, шлам қоймасы және техногендік минералдық түзілімдердің массивін қоймалаудың басқа да тәсілдері;

6) техногендік минералдық түзілімдерді іргелес аумақта орналастыру – мәліметтері (жазбалары) техногендік минералдық түзілімдердің 2018 жылғы 29 маусымдағы мемлекеттік кадастрында (мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастры) қамтылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердің массиві осы Қағидаларда көзделген жағдайларда кәсіпорынның жер учаскесінің немесе

келісімшарттық аумақтың шекарасына тікелей жақын (жанасатын) жер кеңістігінде орналасқан жағдай;

7) техногендік минералдық түзілімдер – пайдалы компоненттер және (немесе) пайдалы қазбаларды қамтитын тау-кен өндіру, тау-кен өңдеу және энергетикалық өндірістер қалдықтарының жиналуы;

8) тау – кен өндіру өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері - оларды жер қойнауынан тау-кен массасын шығару процесінде пайдалы қатты қазбаларды бөлу нәтижесінде пайда болатын пайдалы қатты қазбаларды өндіру қалдықтары (аршу, тұқым сиятын, шаң, кедей (кондицияланбаған) кен);

9) тау-кен өңдеу өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдері – тау-кен байыту өндірістері (байыту қалдықтары мен шламдары) және (немесе) химия-металлургия өндірістері (шлактар, кектер, клинкерлер және металлургиялық қайта бөлу қалдықтарының басқа да ұқсас түрлері) нәтижесінде пайда болатын қайта өңдеу қалдықтары.

## **2-тарау. Келісімшарттық аумақтар шегінде әртүрлі орналастыру объектілерінде немесе тау-кен өңдеу кәсіпорындарының жер учаскелерінде мемлекеттік емес техногендік минералдық түзілімдерден бөлек орналастырылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру тәртібі**

4. Мемлекеттік емес техногендік минералдық түзілімдермен әртүрлі орналастыру объектілерінде (меншік) бөлек орналастырылған осы Кодекстің қолданысқа енгізілу күніне пайдаланылатын және жеке меншік құқығымен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі тау-кен қайта өңдеу кәсіпорындарының жер учаскелеріндегі келісімшарттық аумақтар шегінде олардың өтініштері негізінде аталған тұлғалардың меншігіне өтеусіз беруге жатады деп белгіленсін.

5. Өтініш беруші осы тарауға сәйкес мынадай тұлғалардың бірі бола алады:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер орналасқан келісімшарттық аумағында;

2) Кодекстің қолданысқа енгізілген күні пайдаланылатын тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылатын, жер учаскесінде осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер орналасқан заңды тұлға.

6. Беру туралы өтініш құзыретті органға беріледі.

7. Беру туралы өтініш жазбаша түрде беріледі және осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мәліметтерді (бұдан әрі - Мәліметтер) қамтуы тиіс.

8. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жер учаскесінің немесе тау-кендік бөлудің және оларда орналасқан техногендік минералдық түзілімдердің көрнекі болуын қамтамасыз ететін масштабта орындалған орналасу картограммасы, шолу (ахуалдық) схемасы, беттің топографиялық картасы;

2) техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің, сондай-ақ егер өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өңдеу объектісінің меншік иесі болып табылса, жер учаскесінің географиялық координаттары ;

3) орналастыру объектісінің көрнекілігін қамтамасыз ететін төрт түрлі ракурстардан 20x30 см форматында орындалған техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің фотосуреттері;

4) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттың көшірмесі;

5) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа тау-кендік бөлудің көшірмесі;

6) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылса, техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісі және тау-кен өңдеу кәсіпорны орналасқан жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмесі;

7) қорларды бекіту туралы Қазақстан Республикасының қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы хаттамасының көшірмесі (егер мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердегі пайдалы қазбалар қорларын бағалау жүргізілсе);

8) техногендік минералдық түзілімдерге арналған "О" паспорты;

9) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылса, 2018 жылғы 29 маусымға өтініш беруші тау-кен өңдеу кәсіпорнын пайдаланғанын растайтын құжаттар.

9. Өтінішке қоса берілетін өтініш пен құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариаттық куәландырылуға жатады. Шет тілінде жасалған құжаттардың көшірмелері қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады, олардың дұрыстығы нотариалды куәландырылуға жатады.

10. Егер беру туралы өтініш осы Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Бұл жағдайда беру туралы өтініш хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында ауыстырылуы мүмкін. Егер ауыстырылған өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі .

Егер талап етілетін құжаттар өтінішке қоса берілмеген немесе оған қоса берілген құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе, құзыретті орган өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарлайды. Бұл жағдайда жетіспейтін құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында өтініш беруші қоса беруі немесе ауыстыруы мүмкін. Егер өтінішке қоса берілген ауыстырылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе немесе көрсетілген құжаттар 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұсынылмаса, өтініш берушіге осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі.

11. Осы Қағидаларға сәйкес беру туралы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды алғаннан кейін құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

12. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрында мәлімделген техногендік минералдық түзілімдерді есепке алу мәніне өтінішті қарайды және құзыретті органға тиісті ақпаратты жібереді.

13. Егер жер қойнауының мемлекеттік қорының кадастрында техногендік минералдық түзілімдердің болуын жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган растаған болса, құзыретті орган жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының (бұдан әрі – сараптама комиссиясы) қарауына өтінішті және оған қоса берілетін барлық құжаттарды енгізеді.

14. Сараптама комиссиясы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайды және өз ұсынымдарын құзыретті органға жібереді.

Сараптама комиссиясы қажет болған жағдайда өтініш берушіден техногендік минералдық түзілімдерді беру шарттарының сақталуын тексеру үшін қажетті қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды сұратуға құқылы.

15. Сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде құзыретті орган сараптама комиссиясының ұсынымдары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы не сараптама комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып, оларды беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

16. Техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы шешім қабылданған жағдайда құзыретті орган шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге техногендік минералдық түзілімдерге "О" жаңа паспортын жасау және ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

17. Осы тарауға сәйкес техногендік минералдық түзілімдерді беру жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның жаңа "О" паспортына сәйкес құзыретті органның шешімі негізінде жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрын есепке алу жүйесіндегі жазбаны енгізу жолымен жүзеге асырылады.

18. Құзыретті орган техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тартады:

- 1) Кодекстің қолданысқа енгізілген күніне жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрында мәлімделген техногендік минералдық түзілімдер туралы мәліметтер жоқ;
- 2) техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісі осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес орналастырылмаған;
- 3) өтініш беруші беру туралы өтініш беру мерзімін өткізіп алған;
- 4) жер учаскесінде мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер орналасқан осындай кәсіпорын Кодекстің қолданысқа енгізілген күні өтініш беруші пайдалануда болмаған жағдайда;
- 5) беру туралы өтінішті тиісті емес тұлға немесе тиісті емес тұлға атынан берген;
- 6) өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді;
- 7) талап ететін құжаттар өтінішке қоса берілмеген не осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді.

19. Техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады және дәлелді болуы тиіс.

Техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тартуға өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

### **3-тарау. Келісімшарттық аумақтардан тыс әртүрлі орналастыру объектілерінде немесе тау-кен өңдеу кәсіпорындарының жер учаскелерінде мемлекеттік емес техногендік минералдық түзілімдерден бөлек орналастырылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру тәртібі**

20. Құзыретті органға берілетін өтініш бойынша 1992 жылғы 30 мамырға дейін жасалған (жинақталған) мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер жеке меншікке беруге жатады және:

- 1) әртүрлі орналастыру объектілерінде мемлекеттік емес техногендік минералдық түзілімдерден бөлек орналастырылған (жинақталған); және
- 2) Кодекстің қолданысқа енгізілген күні пайдаланылатын келісімшарттық аумаққа немесе тау-кен өңдеу кәсіпорнының (оның ішінде металлургиялық) жер учаскесіне іргелес аумақта орналасқан.

21. Осы тарауға сәйкес мынадай тұлғалардың бірі өтініш беруші бола алады:

- 1) осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру аумағы келісімшарттық аумаққа іргелес жатқан жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы;
- 2) Кодекстің қолданысқа енгізілген күні пайдаланылатын тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылатын, осы Қағидалардың 20-тармағында

көрсетілген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру аумағы іргелес жер учаскесіне заңды тұлға.

22. Беру туралы өтініш жазбаша түрде беріледі және Мәліметтерді қамтуы тиіс.

23. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көрнекілікті қамтамасыз ететін масштабта орындалған, техногендік минералдық түзілімдердің іргелес аумағы бар жер учаскесінің немесе тау-кендік бөлудің орналасу картограммасы, шолу (ахуалдық) схемасы, беттің топографиялық картасы;

2) техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің, сондай-ақ егер өтініш беруші осы Қағидалардың 21-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өңдеу объектісінің меншік иесі болып табылса, жер учаскесінің географиялық координаттары;

3) орналастыру объектісінің көрнекілігін қамтамасыз ететін төрт түрлі ракурстардан 20x30 см форматында орындалған техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің фотосуреттері;

4) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 21-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттың көшірмесі;

5) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 21-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа тау-кендік бөлудің көшірмесі;

6) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 21-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылса, техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісі және тау-кен өңдеу кәсіпорны орналасқан жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмесі;

7) қорларды бекіту туралы Қазақстан Республикасының қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы хаттамасының көшірмесі (егер мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердегі пайдалы қазбалар қорларын бағалау жүргізілсе);

8) техногендік минералдық түзілімдерге арналған "О" паспорты;

9) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 21-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылса, 2018 жылғы 29 маусымға өтініш беруші тау-кен өңдеу кәсіпорнын пайдаланғанын растайтын құжаттар.

24. Өтінішке қоса берілетін өтініш пен құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариаттық куәландырылуға жатады. Шет тілінде жасалған құжаттардың көшірмелері қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады, олардың дұрыстығы нотариалды куәландырылуға жатады.

25. Егер беру туралы өтініш осы Қағидалардың 22-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Бұл жағдайда беру туралы өтініш хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс

күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында ауыстырылуы мүмкін. Егер ауыстырылған өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі.

Егер талап етілетін құжаттар өтінішке қоса берілмеген немесе оған қоса берілген құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе, құзыретті орган өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарлайды. Бұл жағдайда жетіспейтін құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында өтініш беруші қоса беруі немесе ауыстыруы мүмкін. Егер өтінішке қоса берілетін ауыстырылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген немесе көрсетілген құжаттар 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін енгізілмеген жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі.

26. Осы Ережеге сәйкес беру туралы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды алғаннан кейін құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

27. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрында мәлімделген техногендік минералдық түзілімдерді есепке алу мәніне өтінішті қарайды және құзыретті органға тиісті ақпаратты жібереді.

28. Егер жер қойнауының мемлекеттік қорының кадастрында техногендік минералдық түзілімдердің болуын жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган растаса, құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде сараптама комиссияның қарауына мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді өтініш берушінің меншігіне беру туралы шешім қабылдау үшін өтініш пен оған қоса берілетін барлық құжаттарды енгізеді.

29. Сараптама комиссиясы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайды және өз ұсынымдарын құзыретті органға жібереді.

Сараптама комиссиясы қажет болған жағдайда өтініш берушіден техногендік минералдық түзілімдерді беру шарттарының сақталуын тексеру үшін қажетті қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды сұратуға құқылы.

30. Сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде құзыретті орган сараптама комиссиясының ұсынымдары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы не сараптама комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып, оларды беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

31. Техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы шешім қабылданған жағдайда құзыретті орган шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге техногендік минералдық түзілімдерге арналған "О" жаңа паспортын

жасау және ұсыну қажеттігі туралы, сондай-ақ егер беру туралы шешім өтініш берушінің келісімшарттық аумағына іргелес аумақта орналасқан мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер бойынша қабылданса, келісімшарттық аумақты кеңейту мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздердің басталуы туралы хабарлама жібереді.

32. Өтініш берушінің келісімшарттық аумағына іргелес аумақта орналасқан мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру құзыретті органның шешімі негізінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жаңа "О" паспортына сәйкес келісімшарттық аумақты осындай техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру алаңына кеңейткеннен кейін жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрын есепке алу жүйесіндегі жазбаны енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздерді Кодексте көзделген тәртіппен құзыретті органның жұмыс тобы жүргізеді.

33. Өтініш берушінің кәсіпорны орналасқан жер учаскесіне іргелес аумақта орналасқан мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның жаңа "О" паспортына сәйкес жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрын есепке алу жүйесіндегі жазбаны енгізу жолымен құзыретті органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

34. Құзыретті орган мынадай шарттардың бірі болған кезде техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тартады:

1) Кодекстің қолданысқа енгізілген күніне жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрында мәлімделген техногендік минералдық түзілімдер туралы мәліметтер жоқ;

2) техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісі осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес орналастырылмаған;

3) өтініш беруші беру туралы өтініш беру мерзімін өткізіп алған;

4) жер учаскесінде мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер орналасқан осындай кәсіпорын Кодекстің қолданысқа енгізілген күні өтініш беруші пайдалануда болмаған жағдайда;

5) беру туралы өтінішті тиісті емес тұлға немесе тиісті емес тұлғаның атынан берген;

6) өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді;

7) қоса берілген құжаттар өтінішке қоса берілмеген не осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді.

35. Техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады және дәлелді болуы тиіс.

Техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тартуға өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

36. Осы тарауға сәйкес жеке меншікке берілмеген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер жер қойнауының құрамына енгізіледі.

#### **4-тарау. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың техногендік минералдық түзілімдермен бірлесіп орналастырылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың бір объектісінде беру тәртібі**

37. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға берілетін өтініш бойынша жеке меншігіне жеке техногендік минералдық түзілімдермен бірге орналастырудың бір объектісінде орналастырылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер берілуге тиіс:

1) жеке меншік құқығында мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі қолданыстағы тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу кәсіпорындары;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда жер қойнауын пайдаланушының қызметі нәтижесінде, оның ішінде олардың келісімшарттық аумақтарынан тыс жерлерде пайда болған.

38. Осы тарауға сәйкес мынадай тұлғалардың бірі өтініш беруші бола алады:

1) операциялар нәтижесінде осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдермен бірге орналастырудың бір объектісінде орналастырылған техногендік минералдық түзілімдер туындаған жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы;

2) осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдермен бірлесіп, қызмет нәтижесінде бір орналастыру объектісінде техногендік минералдық түзілімдер туындаған және орналастырылған, Кодекс қолданысқа енгізілген күні пайдаланылатын тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылатын заңды тұлға.

39. Беру туралы өтініш жазбаша түрде беріледі және Мәліметтерді қамтуы тиіс.

40. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көрнекілікті қамтамасыз ететін масштабта орындалған техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің орналасу картограммасы, шолу (ахуалдық) схемасы, беттің топографиялық картасы;

2) техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің, сондай-ақ егер орналастыру объектісі өтініш берушіге тиесілі жер учаскесінде болса, жер учаскесінің географиялық координаттары;

3) орналастыру объектісінің көрнекілігін қамтамасыз ететін төрт түрлі ракурстардан 20x30 см форматында орындалған техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің фотосуреттері;

4) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттың көшірмесі;

5) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа тау-кендік бөлудің көшірмесі;

6) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылса, техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісі және тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорны орналасқан жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмесі;

7) қорларды бекіту туралы Қазақстан Республикасының қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы хаттамасының көшірмесі (егер мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердегі пайдалы қазбалар қорларын бағалау жүргізілсе);

8) орналастыру объектісінде мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердің көлемін көрсете отырып, техногендік минералдық түзілімдерге арналған "О" паспорты;

9) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 2) тармақшасына сәйкес осы кәсіпорынның меншік иесі болып табылса, 2018 жылғы 29 маусымға өтініш беруші тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорнын пайдалануды растайтын құжаттар.

41. Өтінішке қоса берілетін өтініш пен құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариаттық куәландырылуға жатады. Шет тілінде жасалған құжаттардың көшірмелері қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады, олардың дұрыстығы нотариалды куәландырылуға жатады.

42. Егер беру туралы өтініш осы Қағидалардың 39-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Бұл жағдайда беру туралы өтініш хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында ауыстырылуы мүмкін. Егер ауыстырылған өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі.

Егер талап етілетін құжаттар өтінішке қоса берілмеген немесе оған қоса берілген құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе, құзыретті орган өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарлайды. Бұл жағдайда жетіспейтін құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында өтініш беруші қоса беруі немесе ауыстыруы мүмкін. Егер өтінішке қоса берілетін ауыстырылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген немесе көрсетілген құжаттар 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін енгізілмеген жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі.

43. Осы Қағидаларға сәйкес беру туралы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды алғаннан кейін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрында мәлімделген техногендік минералдық түзілімдерді, сондай-ақ беруге мәлімделген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердің көлемін есепке алу мәніне өтінішті қарайды және мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы не оларды беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

44. Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы шешім қабылданған жағдайда жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге техногендік минералдық түзілімдерге "О" жаңа паспортын жасау және ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

45. Өтініш беруші хабарламаны алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға техногендік минералдық түзілімдерге "О" жаңа паспортын жібереді.

46. Осы Қағидалардың 37-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген техногендік минералдық түзілімдермен бірге орналастырудың бір объектісінде орналасқан, орналастырылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрын есепке алу жүйесіндегі жаңа "О" паспортына сәйкес жазба енгізу жолымен жүзеге асырылады.

47. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тартады:

- 1) Кодекстің қолданысқа енгізілген күніне жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрында мәлімделген техногендік минералдық түзілімдер туралы мәліметтер жоқ;
- 2) өтініш беруші беру туралы өтініш беру мерзімін өткізіп алған;
- 3) өтініш берушіге тиесілі тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорны Кодекстің қолданысқа енгізілген күні өтініш берушінің пайдалануында болмаған;
- 4) беру туралы өтінішті тиісті емес тұлға немесе тиісті емес тұлғаның атынан берген;
- 5) өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді;
- 6) қоса берілген құжаттар өтінішке қоса берілмеген не осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді.

48. Техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады және дәлелді болуы тиіс.

Техногендік минералдық түзілімдерді беруден бас тартуға өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

## **5-тарау. Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың бір объектісінде бірлесіп орналастырылған мемлекеттік емес (жеке) техногендік минералдық түзілімдерден бөлу тәртібі**

49. Егер осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген техногендік минералдық түзілімдер олардың физикалық қасиеттеріне байланысты (қатты күйдегі техногендік минералдық түзілімдер) бөлінуі мүмкін болса, осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген тұлғаның өтініші бойынша өтініш беруші мен жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган арасында бөлу теңгерімі жасалады.

Бөлу теңгерімі өтініш берушінің өтініш берушіге тиесілі техногендік минералдық түзілімдерді айқындау және оларды осы тарауға сәйкес мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді сатып алуды (беруді) қоспағанда, мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерден тұратын бірыңғай (бір) орналастыру объектісінің массивінен заттай бөлу мақсатында жасалады.

Осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген техногендік минералдық түзілімдерге қатысты бөлу теңгерімін жасау туралы өтініш жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде берілуі мүмкін.

50. Осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген техногендік минералдық түзілімдерге қатысты бөлек теңгерімді жасауға мүдделі өтініш беруші жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға Мәліметтерді қамтитын бөлу теңгерімін жасау туралы өтініш жібереді.

51. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көрнекілікті қамтамасыз ететін масштабта орындалған техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің орналасу картограммасы, шолу (ахуалдық) схемасы, беттің топографиялық картасы;

2) техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің, сондай-ақ егер орналастыру объектісі өтініш берушіге тиесілі жер учаскесінде болса, жер учаскесінің географиялық координаттары;

3) орналастыру объектісінің көрнекілігін қамтамасыз ететін төрт түрлі ракурстардан 20x30 см форматында орындалған техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің фотосуреттері;

4) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттың көшірмесі;

5) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа тау-кендік бөлудің көшірмесі;

6) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорнының меншік иесі болып табылса, техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісі және тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорны орналасқан жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмесі;

7) қорларды бекіту туралы Қазақстан Республикасының қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы хаттамасының көшірмесі (егер мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердегі пайдалы қазбалар қорларын бағалау жүргізілсе);

8) орналастыру объектісінде мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердің көлемін көрсете отырып, техногендік минералдық түзілімдерге арналған "О" паспорты;

9) егер өтініш беруші осы Қағидалардың 38-тармағының 2) тармақшасына сәйкес осы кәсіпорынның меншік иесі болып табылса, 2018 жылғы 29 маусымға өтініш беруші тау-кен өндіру немесе тау-кен өңдеу кәсіпорнын пайдалануды растайтын құжаттар;

10) орналастыру объектісінің жалпы массивінен техногендік минералдық түзілімдердің табиғи түрінде бөлінуін көздейтін техногендік минералдық түзілімдердің бөлу теңгерімінің жобасы.

52. Егер өтініш осы Қағидалардың 50-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Бұл жағдайда өтініш хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында ауыстырылуы мүмкін. Егер ауыстырылған өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі.

Егер өтінішке талап етілетін құжаттар қоса берілмесе немесе қоса берілген құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе, құзыретті орган бұл туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Бұл жағдайда жетіспейтін құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында өтініш беруші қоса беруі немесе ауыстыруы мүмкін. Егер өтінішке қоса берілетін ауыстырылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген немесе көрсетілген құжаттар 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін енгізілмеген жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес бас тарту жіберіледі.

53. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өтінішті және оған қоса берілетін барлық құжаттарды олар түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды және техногендік минералдық түзілімдерді бөлу (бөліп шығару) не заттай бөлу (бөліп шығару) мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды.

54. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган техногендік минералдық түзілімдерді бөлу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бөлу балансына қол қояды және өтініш берушіге өзінің техногендік минералдық түзілімдеріне "О" жаңа паспортын ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді не тиісті

ұсынымдармен техногендік минералдық түзілімдерді нақты бөлу (бөлу) мүмкіндігі болған жағдайда бөлу балансын түзету қажеттігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді

55. Өтініш беруші хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға техногендік минералдық түзілімдерге арналған жаңа "О" паспортын немесе бөлу теңгерімінің түзетілген жобасын жібереді.

56. Бөлу теңгерімі жасалғаннан және қол қойылғаннан кейін бөлінген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер жер қойнауының құрамына енгізілді деп есептеледі

57. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган техногендік минералдық түзілімдерді бөлуден бас тартады:

1) мемлекеттік жер қойнауы қорының Бірыңғай кадастрында мәлімделген техногендік минералдық түзілімдер туралы мәліметтер жоқ;

2) өтініш беруші өтініш беру мерзімін өткізіп алған;

3) мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерден, оның ішінде өнеркәсіптік немесе экологиялық қауіпсіздікке байланысты тұратын бірыңғай (бір) орналастыру объектісінің массивінен табиғи түрде жеке техногендік минералдық түзілімдерді бөлудің мүмкін болмауы;

4) беру туралы өтінішті тиісті емес тұлға немесе тиісті емес тұлғаның атынан берген;

5) өтініш осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді;

6) қоса берілген құжаттар өтінішке қоса берілмеген не осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді.

58. Техногендік минералдық түзілімдерді бөлуден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады және дәлелді болуы тиіс.

Техногендік минералдық түзілімдерді бөлуден бас тартуға өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

Мемлекеттік техногендік  
минералдық түзілімдерді  
жеке меншікке беру  
Қағидасына  
1-қосымша

---

---

(мемлекеттік органның атауы)

---

---

жеке тұлғалар үшін – өтініш  
берушінің тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса), жеке сәйкестендіру  
нөмірі (бар болса), байланыс  
деректері;  
заңды тұлғалар үшін – өтініш

## Техногендік минералдық түзілімдерді беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер	
жеке тұлғалар үшін	
1.	Тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)
2.	Тұрғылықты жері
3.	Азаматтығы
4. Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер	
занды тұлғалар үшін	
5.	Заңды тұлғалардың атауы
6.	Орналасқан жері
7.	Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш беруші шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат)
2. Техногендік минералдық түзілімдер туралы мәліметтер	
8.	Техногендік минералдық түзілімдерді түрлері мен көлемдері
Техногендік минералдық түзілімдерді орналастырылды (тиісті ұяшықта көрсету):	
<input type="checkbox"/>	
келісімшарттық аумақ шегінде бір орналастыру объектісінде не тау-кен өндіру, тау-кен өңдеу, металлургиялық кәсіпорынның жер учаскесі;	
<input type="checkbox"/>	
9.	келісімшарттық аумақ шегінде әртүрлі орналастыру объектілерінде не тау-кен өндіру, тау-кен өңдеу, металлургиялық кәсіпорынның жер учаскесі;
<input type="checkbox"/>	
келісімшарттық аумақтан тыс жерлерде;	
<input type="checkbox"/>	
тау-кен өндіру, тау-кен өңдеу немесе металлургия кәсіпорнының жер учаскесінен тыс.	
10.	Техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектісінің географиялық координаттары
3. Техногендік минералдық түзілімдерді беру негіздері	
Кодекс қолданысқа енгізілген күні пайдаланылатын тау-кен, тау-кен өңдеу немесе металлургиялық кәсіпорынның меншік иелері үшін	
11.	Тиісті тау-кен өндіру, тау-кен өңдеу немесе металлургия кәсіпорны орналасқан жер учаскесіне меншік құқығын белгілейтін мәліметтер
12.	Тау-кен өндіру, тау-кен өңдеу немесе металлургия кәсіпорнына меншік құқығын белгілейтін мәліметтер
Жер қойнауын пайдалану құқығының иелері үшін	
13.	Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты (барлауға және өндіруге арналған бірлескен келісімшартты) жасасу күні және мемлекеттік тіркеу нөмірі

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_

(құжаттардың атауы және беттер саны)\*

Ескерту:

\_\_\_\_\_

Өтініш берушінің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы (өтінішті өкіл берген жағдайда, өкілеттікті куәландыратын тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

Өтініш беруші: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) / атауы

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_